

## Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 қазан N 1126. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1814 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы осы аппарат қызметкерлерінің саны 333 адамнан аспайтын мөлшерде қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне

министрдің 4 орынбасарын, оның ішінде министрдің бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 13 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратына 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 7 қазандағы

N 1126 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

орталық аппаратының

Құрылымы

Халықаралық экономикалық қатынастар және халықаралық

экономикалық ұйымдар Бас басқармасы

Бас консул басқармасы

Саяси талдау және жоспарлау Бас басқармасы

Атқару хатшылығы

БҰҰ және мамандандырылған халықаралық ұйымдар Бас басқармасы

Бас шарт-құқық басқармасы  
Бас қаржы-әкімшілік басқармасы  
ТМД және Балтық елдері жетекші басқармасы  
Европа елдері жетекші басқармасы  
Америка елдері жетекші басқармасы  
Азия елдері жетекші басқармасы  
Таяу, Орта Шығыс және Африка елдері жетекші басқармасы  
Мемлекеттік Хаттама жетекші басқармасы  
Мәдени байланыстар мен гуманитарлық ынтымақтастық және  
ЮНЕСКО істері жөніндегі жетекші басқарма  
Халықаралық қауіпсіздік және қару-жараққа бақылау жетекші  
басқармасы  
Кадрлар жетекші басқармасы  
Аудармамен қамтамасыз ету бөлімі